

**Боранбаева Карлыгаш Ерболатовнаның**  
**8D09101-«Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы**  
**бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ірі қара малдың індettі кератоконъюнктивитінің қоздырғыштарын анықтауға арналған нақты уақыттағы мультиплекті полимеразды-тізбекті реакциясын құрастыру»**  
**орындалған диссертациялық жұмысына**  
**ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сизу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға даму бағыттарына сәйкестігі:  және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның бағдарламасы аясында орындалған); немесе бағдарламаның атавы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссиденттің ғылыми жұмысы 2021-2023 жылдар арасындағы «Диагностика, аурудың алдын алу, ауру малдарды терапиялау және топырақтағы сібір жарасы ошактарын залалсыздандыру құралдары мен әдістерін өзірлеу және өндіріске ұсыну» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында орындалған.</p> <p>Жоба атаву мен нөмірі: BR10764975 «Ірі қара малдың індettі кератоконъюнктивитінің қоздырғыштарын анықтау үшін нақты уақыттағы полимеразды-тізбекті реакцияны (ПТР) өзірлеу және өндіріске ұсыну».</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу барысында алынған нәтижелер отандық ғылымға, есіреле өндіріске және ауылшаруашылығына қосатын үлесі мол. Атап айтса, ғылыми ізденістер нәтижесінде ПТР жинағы дайындалып шығарылды. Аталған жинақтың құндылығы зертханалық және өндірістік сынақтармен расталынып, тіркеу күелігі (№ҚР-ВП-2-5289-24) алынған. Құрастырылған «НУ-Моракселла-ПТР» реагенттер жинағы ірі қара мал моракселлезін уақытылы, жылдам әрі нақты балауға, ауылшаруашылығына ауру салдарынан келетін орасан мол шығынның алдын алуға, індектеке қарсы

			<p>Эпизоотиялық шаралардың тиімділігін арттыруға себебін тигізеді, аталған тест-жүйе ғылыми жұмыстың және жұмыс нәтижесінің маңыздылығының ашылғанын көрсетеді.</p> <p>Сонымен қатар, елімізде өсетін өсімдіктерден жақпа май даярланып, ИКК ауырған ірі қара малға жақсы емдік нәтиже көрсеткен.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Жоғары. Диссертация ғылыми, мемлекеттік тілде жазылған, барлық бөлімдерінде отандық, алыс және жақын шетелдік дереккөздерге сілтеме жасалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Негізделген. Шаруа қожалықтарына ірі қара малдың індепті кератоконъюнктивитінен келетін шығын мол болғандықтан, ұсынылып отырған тест-жүйе ауруды дер кезінде балап, оның ушығып кетуіне жол бермей, індептке қарсы эпизоотиялық іс-шаралардың тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Сонымен қатар, ірі қара мал моракселлезінде қолданылған емдік жақпа майлардың салыстырмалы тиімділігі анықталған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен ашылған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындауды;</li> <li>2) ішінара айқындауды;</li> <li>3) айқындаамайды.</li> </ol>	<p>Айқындауды. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды, атап айтқанда, Қазақстан Республикасында алғаш рет ірі қара мал моракселлезінің үш қоздырушысын (<i>Moraxella ovis</i>, <i>Moraxella bovoculi</i> және <i>Moraxella bovis</i>) бір реакцияда анықтайтын нақты уақыттағы мультиплексті полимеразды тізбекті реакциясы күрастырылып, зертханалық және өндірістік апробациядан өткен.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Сәйкес келеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – ірі қара малдың індепті кератоконъюнктивитімен құресу шараларын жетілдіру. Осы мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p>	<p>Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері өзара логикалық</p>

		<p>1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p><b>4.5</b> Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>байланысқан, яғни, ауру қоздырушысын бөліп алу, жылдам диагноз қою мақсатында НУ ПТР әзірлеу және емдік шара ретінде емдеудің салыстырмалы тиімділігін ұсынған бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысып жазылған.</p> <p>Сыни талдау бар. Ізденуші ұсынған шешімдері дәлелденген, бүрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, өз пікірімен және отандық, алыс, жақын шет мемлекет ғалымдарының сілтемелеріне негізделген.</p>
5.	Гылыми принципі	<p><b>5.1</b> Гылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p><b>5.2</b> Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p><b>5.3</b> Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Толығымен жаңа. Қазақстан Республикасында алғаш рет ірі қара малдың індettі кератоконъюнктивит қоздырушыларын анықтау үшін нақты уақыт режимінде мультиплекті полимеразды тізбекті реакциясы әзірленген.</p> <p>Сонымен қатар, алғаш рет өсімдік негізінде дайындалған ірі қара малдың індettі кератоконъюнктивитін емдеуге арналған «КерКон» жақпа майы жасалынған.</p> <p>Толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыс нәтижесінде әзірленген <i>Moraxella bovoculli</i>, <i>Moraxella ovis</i> және <i>Moraxella bovis</i> ДНҚ-сын анықтауға арналған «НУ-Моракселла-ПТР» реагенттер жинағының және өсімдік негізінде дайындалған ірі қара малдың індettі кератоконъюнктивитін емдеуге арналған «КерКон» жақпа майының нарықта аналогы жоқ.</p> <p>Ішінара жаңа.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан	Диссертанттың алған қорытындылары ғылыми

	негізділігі	қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research) (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Оған 2021-2023 жылдар аралығындағы ғылыми есептер, нормативті техникалық күжат, тіркеу куәлігі, пайдалы модельге патент дәлел болды.
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> <li>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> <li>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	<p>Ғылыми жұмыстың қорғауға шығарылған ережелері 3 корғау күжатпен (пайдалы модельге патент), зертханалық және өндірістік аprobациялармен дәлелденген және тривиалды емес, жаңа. Қолдану деңгейі кең. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын шетелдік және отандық ғылыми базылымдарда 4 мақалада және Scopus базасында CiteScore бойынша процентилі 48, 58 және 80 бар рецензияланатын ғылыми базылымдарда 3 мақалада дәлелденген. Ғылыми ізденіс нәтижелері эпизоотологиялық бірліктерінде, жеке шаруа кожалықтарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде ірі қара мaldың ИКК кезіндегі арнағы ветеринариялық шаралар жүргізуге арналған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе	Ия. Әдіснаманы таңдауы негізделген және

	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	Әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жок.	диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама ғылыми жұмыста нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок.	Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған, заманауи ғылыми зерттеулердің қондырылғылар – StepOnePlus және Rotor-Gene нақты әдістемелерін пайдалана отырып алынған. 1) ия; 2) жок.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін педагогикалық эксперимент нәтижелер негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.	Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында және өндірістік аprobация нәтижелерімен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер отандық, алыс және жақын шетел ғалымдарының ғылыми әдебиеттеріне, ғылыми зерттеу жарияланым дереккөздеріне сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Әдеби шолуға пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті берілген. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік еңбектерге шолу жасалынып, негізге алынған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жок.	Диссертацияның теориялық маңызы бар, алынған нәтижелер бойынша ветеринариялық фармакология, жануарлар патологиясы, микробиология, індеган пәндері бойынша оқу үрдісінде, ветеринариялық зертханаларда қолдануға мүмкіндігі бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы орасан зор,

		<p>және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ.</li> </ol> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p> себебі, ірі қара малдың ИКК дер кезінде балау және емдеу індетке қарсы шаралардың тиімділігін арттырады және шаруа қожалығын індет салдарынан келетін шығыннан сақтайды.</p> <p>Толығымен жаңа. Ізденушінің ұсынып отырган практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, шет ел ғалымдарының зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау жүргізілген. Ғылыми зерттеу жұмыс нәтижелері негізінде қорытынды жасалған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер жоқ.
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі</p> <p>(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары, атап айқанда, Scopus базасында жарияланған мақалалар бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Comparative Pharmacotherapeutic effectiveness of Therapeutic Ointments in infectious Keratoconjunctivitis in cattle» (Research Journal of Pharmacy and Technology. - 2023.- №16(1). – P.44-46. ISSN 0974-3618, CiteScore рейтингі бойынша процентилі – 48) атты мақалаға 4 мәрте сілтеме жасалынған, көрсетілген ақпараты ауқымды;</li> <li>- «Development and evaluation of a multiplex polymerase chain reaction in real-time for differential diagnosis of Moraxella-induced keratoconjunctivitis in livestock» (Veterinary World. - № 16(12). – P. 2526-2532. ISSN 0972-89886, CiteScore рейтингі бойынша процентилі – 80) атты мақалада дайындалған ПТР жинағына толық сипаттама жасалған, сынақтан өткізу нәтижелері көрсетілген, ғылым үшін жаңашылдық бары сөзсіз;</li> <li>- «Metagenomic analysis and identification of epizootic strains of the causative agent of infectious bovine keratoconjunctivitis in Kazakhstan» (International Journal</li> </ul>

of Veterinary Science №12(6).- Р. 822-831. ISSN 23043075, CiteScore рейтингі бойынша процентилі – 58) атты мақалаға 4 мәрте сілтеме жасалынған, ветеринарияға жаңа зерттеу әдісі пайдаланылған. Сонымен қатар, ҚР ФЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарында жарияланған 4 мақала да тақырыпқа сәйкес жазылған, ғылыми маңыздылығы айқын. Жекелеп тоқтағанда:

1. «Ірі қара малы кератоконъюнктивитін емдеу үшін дайындалған фитопрепараттың фармакотоксикологиялық және микробиологиялық көрсеткіштерін зерттеу» (Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық журналы. Ғылым және білім 1 бөлім. ISSN 2305-9397. № 4-1 (69) 2022, 181-193 б.) атты мақалада алынған нәтижелерінің ғылыми-практикалық маңыздылығы орасан зор;
2. «Ірі қара мал моракселлезін балауда кездесетін ілеспе патогендердің құрылымдық құрамы» (Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық журналы. Ғылым және білім 1 бөлім. ISSN 2305-9397. № 1-1 (70) 2023, 42-50 б.) атты мақалада моракселла қоздырғыштарымен қоса жүретін бактерияларды бөліп алынғаны сипатталған, нәтижелері негізделген;
3. «*Moraxella ovis* патогенін нақты уақыттағы полимеразды тізбекті реакциясымен анықтау мақсатында синтетикалық олигонуклеотидтер жиынтығын құрастыру» (Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық журналы. Ғылым және білім 1 бөлім. ISSN 2305-9397. № 1-1 (70) 2023, 50-58 б.) атты мақалада ПТР жинағын құрастыру бастamasы екені мәлім, ақпарат түсінікті жеткізілген;
4. «Comparative diagnostics for infectious and invasive

		Keratoconjunctivas of cattle» (Микробиология және вирусология, 4(43) 2023. С. 156-170) атты мақала да ИКК инвазиялық аурудан дифференциалды балау жүргізу жолы сипатталынған, зерттеуде алынған нәтижелер ветеринарияда маңызды, яғни дұрыс балау жүргізу арқылы аурумен күресуге қол жеткізіледі, әрі ҚР бойынша екі аурудың (моракселла тудыратын ИКК және телязиоз) қай аймақтарда таралғаны туралы ақпарат келтірілген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Боранбаева Карлыгаш Ерболатовнаның 8D09101- «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесінің тағайындалуын ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»  
КеАҚ, «Ветеринариялық медицина»  
кафедрасының менгерушісі, профессор,  
ветеринария ғылымдарының кандидаты



E.E. Муханбеткалиев

Е.Е. Муханбеткалиевтің қолын растаймын  
«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»  
КеАҚ ғылым хатшысы



Г.М. Дерипсалдина

мерзімі «29» тамыз 2024 жыл

